

# 1 Наурыз – Алғыс айту күні



Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

## Жалдағаш жаршысы



«zhaldagash-zharshysy.kz»  
ақпараттық агенттігі

### Мерей

## Ақордада көрсетілген құрмет

Ақпанның ақ ұлпасы жерге төселген шақта Альпі баурайындағы мұз айдындары дүние жүзінің назарын өзіне аударғаны мәлім. Милан мен Кортина д'Ампеццо төрінде өткен XXV қысқы Олимпиада ойындары тек чемпиондарды анықтаған жарыс емес, талай елдің үміті мен амбициясын таразылаған тарихи дода болды. Қысқы спорттың қас шеберлері бас қосқан бұл бәсеке әлем картасындағы күштердің ара салмағын айқындап қана қоймай, жаңа есімдерді танытты, жаңа дәуірдің тынысын сездірді. Қазақстан үшін де бұл Олимпиада ерекше маңызға ие еді. Себебі мұнда тек медаль ғана емес, жылдар бойы күткен сенім мен жаңғыру сынға түсті. Милан музыкасында жазылған тарих ел спорттың бағытын айқындайтын сәтке айналды.

Италияның Милан және Кортина д'Ампеццо қалаларында өткен XXV қысқы олимпиада ойындары мәресіне жетті. Әлем назарын өзіне аударған ақ додада медаль есебі бойынша Норвегия құрамасы көш бастады. Скандинавиялық ел қоржынында 18 алтын, 12 күміс, 11 қола медаль бар. Жалпы жүлде саны 41-ге жетіп, олар алтын бойынша да, жалпы есеп бойынша да бірінші орынды иеленді. Екінші орынға 12 алтын, 12 күміс, 9 қола медальмен Америка Құрама Штаттары тұрақтады. Жалпы жүлде саны 33-ке жеткен АҚШ спортшылары жарыс бойы лайық нәтиже көрсетті. Үздік үштік Нидерланд құрамасы түйіндеді. Бұл елдің спортшылары 10 алтын, 7 күміс, 3 қола медаль еншіледі. Осылайша қысқы спорттағы дәстүрі қалыптасқан мемлекеттер тағы да өз мықтылығын дәлелдеді.

Қазақстан құрамасы басты додаға 36 спортшымен қатысып, 10 спорт түрінде сынаға түсті. 94 мемлекеттің ішінде 19-орынға тұрақтаған ел құрамасы бір алтын медаль жеңіп алды. Бұл көрсеткіш Қазақстанның 1994 жылдан бері алғаш рет үздік жиырмалыққа қайта енуіне жол ашты. Ел қоржынына жалғыз жүлдені мәнгерлеп сырғанаушы Михаил Шайдаров салды. Ол олимпиада чемпионы атанып, Қазақстан тарихындағы мәнгерлеп сырғанаудан тұңғыш алтын медальді иеле сыйлады. Бұл 32 жылдан кейінгі тарихи жеңіс ретінде бағаланғаны да білеміз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев чемпионды арнайы қабылдап, бұл жетістік ел спорты үшін айрықша маңызға ие екенін атап өтті.

– Біріншіден, бұл – көптен күткен, яғни 32 жылдан кейін қол жеткізген тарихи жүлде. Екіншіден, бұл – мәнгерлеп сырғанаудан ел



қоржынына түскен алғашқы олимпиада алтыны. Үшіншіден, күллі әлем елімізде өйгілі спортшы Денис Теннің жолын жалғастыратын дарынды жастардың бар екеніне куә болды. Ақорда алтын баласына құрмет көрсетіп жатыр. Талпыныс пен жарқын істің айқын көрінісін көрсеткен дарын көпке үлгі, – деді Президент.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы Михаил Шайдаровты II дәрежелі «Барыс» орденімен марапаттап, 2029 жылы Алматыда өтетін Қысқы Азия ойындарына айрықша назар аудару қажеттігін қадап айтты. Бұл жай ғана кезекті спорттық жарыс емес. Бұл – ел абыройын айқындайтын инфрақұрылымның жаңғыртылуы, туризм түлететін экономикасына серпін беретін тарихи мүмкіндік. Алматы тағы да ақ доданың дүбірін естиді. Ал сол дүбір Қазақстан спорттың жаңа тынысын ашуы тиіс.

Мемлекеттік деңгейде көрсетілген қолдау тек чемпионмен шектелмеді. Михаил Шайдаровтың бапкері, жаттықтырушы-кеңесші Алексей Урманов II дәрежелі «Достық» орденімен марапатталды. Ұлттық құраманың бас жаттықтырушысы Әсем Қасанова, жаттықтырушы Станислав Шайдаров және конькимен мәнгерлеп

сырғанау одағының президенті Бауыржан Ералы «Құрмет» орденіне ие болды.

Олимпиадада бір ғана алтын медаль қанжыалағанымызбен, бірқатар спортшымыздың тарихи нәтижелері де бар. Шаңғымен үлкен тұғыздан секіруде Илья Мизерный сегізінші орын алып, тәуелсіз Қазақстан тарихындағы ең үздік көрсеткіші тіркеді. Конькимен жүгіруден Надежда Морозова 3 мың метр қашықта алтыншы болып мәреге жетті. Бұл нәтиже 1998 жылы Людмила Прокашева Олимпиада жүлдесінен бергі ең жоғары жетістік саналады.

Морозова 5 мың метрде тоғызшысы, командалық із кесуде сегізінші орын иеленді. Елизавета Голубева 1500 метрде өтетін Қысқы Азия ойындарына айрықша назар аудару қажеттігін қадап айтты. Бұл жай ғана кезекті спорттық жарыс емес. Бұл – ел абыройын айқындайтын инфрақұрылымның жаңғыртылуы, туризм түлететін экономикасына серпін беретін тарихи мүмкіндік. Алматы тағы да ақ доданың дүбірін естиді. Ал сол дүбір Қазақстан спорттың жаңа тынысын ашуы тиіс.

Ақ олимпиаданың жабылу салтанатында Қазақстанның көк туын Михаил Шайдаров ұстап шыққанына куә болдық. Оның жеңісі жеке спортшының табысы ғана емес, тұтас елдің үміті мен сенімінің жемісі болды. Сарапшылар бұл олимпиада Қазақстандағы қысқы спортты дамытуға жаңа серпін береді деп бағалап отыр. Соңғы жылдары инфрақұрылымның жаңаруы, жасөспірімдер спортын қолдау, халықаралық тәжірибесі бар мамандарды тарту секілді қадамдар өз нәтижесін бере бастағаны байқалды. Милан мен Кортинадағы көрсеткіштер Қазақстанның қысқы спортта бірағана бағытпен шектелмей, бірнеше дисциплинада бәсекеге қабілетті болу алатынын көрсетті десек артық емес. Осы тұрғыдан алғанда, 2026 жылғы олимпиада Қазақстан үшін есеп беру алаңы іспетті болды. Нәтиже бар, жүйе бар, ең бастысы, болашаққа деген нақты бағдар бар. Мемлекеттік қолдау сақталып, спорттық дайындық үздіксіз жалғасын тапса, бүгінгі бір алтын ертең тұрақты жеңіске ұласуы әбден мүмкін.

Гүлжан ЕСЖАН

Облыс әкімінің тапсырмасымен облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Мәдет Усаин ауданға жұмыс сапарымен келді. Басқарма басшысы аудан әкімі Ардақ Ибраимовпен бірге ауа райының қолайсыздығы салдарынан туындаған электр желілеріндегі ақауларды шұғыл қалпына келтіру жұмыстары барысын талқылады.

## Ақаулар толық қалпына келтіріледі



Басқарма басшысы сапар аясында жедел әрекет ету бригадасымен бірге КЕГОК мекемесінде болып, апат салдарын жою бағытындағы атқарылып жатқан шаралармен де танысты.

Айта кетейік, 25-26 ақпан күндері қар аралас жаңбыр мен қатты желдің салдарынан 35 кВ электр желілері үзіліп, апаттық жағдай орын алды. Сондай-ақ мұз қатқан ағаш бұтақтары құлап, электр сымдарын зақымдап, салдарынан Жалағаш кенті мен ауданға қарасты барлық ауылдық елді мекенде электр энергиясы уақытша ажыратылған болатын. Қазіргі уақытта электр желілеріндегі ақаулар тәулік бойы қалпына келтірілуде. 25 ақпаннан бастап апат салдарын жою жұмыстарына барлығы 6 бригада мен 25 арнайы техника жұмылдырылды.

26 ақпан күні қалпына келтірілген аумақтарға электр энергиясы қайта қосыла бастады. Бұл бағыттағы жұмыстар кезек-кезегінше жүзеге асырылуда. Мәселе аудан әкімінің тікелей бақылауында.

### Әңгіме

## Аллергия

Бұның дерті басқаларға түк ұқсамайды. Тіпті он бес жылдан астам бір төсекте қатар жатқан қосағы да осыны түсінбей-ақ қойды. Қырықтан асқан күйеуі кісікізі болатындай, шынымен не көрді? Енесі де осы жалғызның кісіге жұғыспайтынын білетін. Біле тұра сөйлейтін.

– Қарағым-ау, шағын ауылдағының көбі өз ағайының. Анау әкеңмен немере Шәріпбайдың ұлы мына Қазалыдан қыз алып қашқанға ұқсайды. Кешірімі беріліп, келім-кетімі саябырсыпты. Енді ертең беташары, кешке тойы. Қатыныңды ертіп барып неге қызмет қылмайсың? – деп еді-ау қайбір жылы.

– Оны елең қылған ұл қайда?  
– Ай, апа-ай, өңдігі қалғаны Шәріпбайға қызмет қылу ма? Менен басқасы да жетер. Өзіңіз тойына қатысарсыз. Барса, келіңізді жібер, менен рұқсат, – деген Матығұлдың сөзін әйелі Күнзираш та естіген.

– Ее, бауыр өзіңдікі, қарғам. Ағайынмен араласпасаң, жатқа айналасың. Көрі сүйегімді сүйретіп, мені қашаның жүрер дейсің? – деген енесінің сөзіне селт етпеп еді күйеуі шіркін.

Күнзираштың әлі есінде. Келін болып түскелі осы үйге туыстың бар қуанышы мен қайғысына енесі екеуі баратын. Матығұлдың мұндайға мұлде жоламайтынын білгенде әдепкіде таңырқаған. Әрі-бері көндірмек болып еді, зілді даусын естіді. Біртоға, сөзге аса жоқ күйеуімен көп жауаптаса қоймайтын Күнзираш одан кейін бұл әңгімеге бармаған. Келе-келе өзі де үйренді. Жақындарының тойы мен қазасына енесін жетектеп кете беретін.

Мектептен соң оқуға құлықсыз болған Матығұлдың бар ойы қайтсе баю еді. Дүние жинап, мал басын құрап, жоқ дегенде орыстың «Нивасын» желдіртіп жүрсемен дейтін. Содан шығар, үйіне келіп, әлдене сұраған ауылдастарына «жөк» деген сөзді жиі айтатын. «Бұл жұрт неге сұрамсақтана береді?» дейтін ішкі ойы кейде тіс арасынан сыздықтай боктық сөзбен арапаса шығады. «Ешкімге ештеңе бермей, ешкіммен қатыспай-ақ отырайын. Әйтпесе бұл ағайын маған қара жинаптас». Матығұлдың ішкі түйсігі осы. Кейде апасымен осыған бола сөзге келіп қалады. Ауылда той болмай тұрмайды. Тумақтың өлмегі және бар. Мұндайда жақын ағайынның қуанышына ортақтасып, ақша апаратыны рас. Болмаса ауылдағы жұрт мал атап жатады. Қайғы орын алған шаңыраққа да осы кәде-қаумет жүреді.

– Қали атан қайтыпты. Әкең өлгенде жамбасы жерге тигенше қызмет қылып еді. Көңіл айтып барып шық. Ана қорадағы көп жандықтан біреуін ата. Сойысқа қондылауын бергенің дұрыс қой. Арық-тұрық мал атапты деген сөз естігім келмейді, – деген Салиха шешесіне Матығұл күңк өткен.

– Қали көкеме мал атамасқа болмайтын ба еді, апа? Бір он мың теңге мен екі метр шубереңдіңі бере берсеңізші. Ана жаққа Қали тұрмақ одан зоры кетсе де мал жоқ.

Күнзираш сонда қатты ренжіп еді. Үнсіз қалған енесінің көңілін қалай ауларын білмеген. Матығұлдың мұнысы несі? «Қали атанның шаңырағынан басқа бұлардың қай ет жақыны бар?». Осындай сұрақтың жауабын іздеп таппаған Күнзираш күйеуінің қылығына көпке налып жүрді.

Жалаасы 2-бетте

### Кездесу

## Ардагерлер аймақ дамуына оң бағасын берді

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Достық» үйінде ардагерлер және зиялы қауым өкілдерімен кездесті. Оған Халық Қаһарманы, армия генералы Мұхтар Алтынбаев, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, дипломат, Түркі мемлекеттері ұйымы ақсақалдар кеңесінің мүшесі, Қызылорда облысының құрметті азаматы Икрам Адырбеков қатысты.

Аймақ басшысы халқымыз ұлт жылнамасындағы жаңа кезеңге қадам басқанын айтып, Конституциялық реформаға тоқталды. Президентіміздің Жарлығымен 21 қаңтарда Ата Заңымызға өзгерістер енгізуге қатысты ұсыныстарды тұжырымдайтын Конституциялық реформалар жөніндегі комиссия құрылды. Комиссияның қорытынды шешімінің нәтижесімен Мемлекет басшысы 2026 жылы 15 наурызда республикалық референдум өткізу жөнінде Жарлыққа қол қойды. Конституция жобасында Ұлы Даланың мыңжылдық тарихының сабақтастығы сақталып, мемлекеттің ұнитарлы сипаты мен шекарасына, аумақтық тұтастығына қол сұғуға болмайтыны нақтыланған. Елдіміздің басты нышаны саналатын жаңа құжатта «Адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» қағидаты айқындалған. Президентіміздің бастамасымен қолға



алынған саяси науқандар мен реформаларды жүзеге асыруда Сыр жұрты береке-бірліктің, тату тірліктің үлгісін көрсетіп келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Сыр бойында өткен Ұлттық құрылтайда «Соңғы жылдары Қызылорда облысы заман талабына сай өсіп-өркендеп жатыр» деп ерекше атап өтіп, атқарылып жатқан жұмыстарға оң бағасын берді. Алдағы уақытқа да Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға, сәулеттік келбетін жаңартуға, заманауи ғимараттардың бой көтеруіне бытталған жаңа жобалар жоспарланған. Бұл бастамалар ардагерлеріміздің ақыл-кеңесімен, тұрғындарымыздың сұранысына сәйкес іске асуда. Еліміздің тұрақты дамуы мен халықтың бірлігін сақтауда ардақты ардагерлеріміздің орны ерекше, – деді Н.Нәлібаев.

Жиында Мұхтар Алтынбаев пен Икрам Адырбеков сөз сөйлеп, атқарылып жатқан жұмыстарға оң бағасын берді. Сонымен қатар мемлекет және қоғам қайраткерлері Бекмырза Еламанов, Ибрагим Әбібуллаев, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің басқарма төрағасы – ректоры, облыстық «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» өңірлік коалиция жетекшісі Наурызбай Байқаманов Конституциялық реформаға қатысты пікірлерін ортаға салды.

Сондай-ақ Конституциялық реформа жөнінде жарты жылға жуық уақытқа созылған өртүрлі алаңдарда жүргізілген жалпыхалықтық талқылаулар қоғамның саяси белсенділігі мен азаматтық жауапкершілігінің айқын көрінісі екені айтылды. Ел тағдырына қатысты ма-

ңызды шешімдерді халықтың тікелей даусы берінуіне ұсыну – демократияның шынайы әрі мызғымас қағидаты. Жаңа Конституция жобасында мемлекетіміздің іргелі негіздері, басты құндылықтары мен дүниетанымдық ұстанымдары жүйеленіп, заманауи талаптарға сай жаңғыртылды.

Еске салсақ, қаламызда өткен тарихи маңызды жиында Мемлекет басшысы Қызылорда қаласында 48 млрд 500 млн теңгеге перзентхана, 14 млрд 780 млн теңгеге емхана салынатынын, 36 млрд 400 млн теңгеге көпбейінді аурухананың құрылысы басталғанын жариялаған еді. Өткен аптада аталған медицина нысандарының және Титов қыстағында ауысымына 400 келушіге арналған емхананың іргетасы қаланды.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

# Алғыс – адамгершіліктің айнасы

Тарих таразысына салсақ, қазақ даласы талай тағдырды құшағына басты. Киын кезеңдерде бір үзім нанын бөліскен дархан мінез – бүгінгі ұрпаққа аманат болған асыл қасиет. Алғыс айту күні – сол адамгершілік пен бауырмалдықтың символы. Бұл мереке – өткенге тағзым, бүгінге шүкір, болашаққа сенім. Бірлік пен келісімнің қадірін ұғындыратын тағылымды күн.



Кейде бір ауыз «рахмет» деген сөз адам жанына шуақ болып құйылады. Тіршіліктің қарбаласында көп нәрсені қалыпты дүние деп қабылдап, жанмызға жақсылық жасаған жандарға ризашылық білдіруді ұмытып кететін сәттер де бар. Ал Алғыс айту күні – сол ұмыт қалған ізгілікті қайта жаңғыртатын ерекше белез. Бұл мереке жай ғана күнтізбедегі дата емес. Бұл – жүректегі мейірімді оятатын, адам мен адамды жақындататын рухани мүмкіндік. Қиындыққа демеу болғанға, қуанышта қасынан табылғанға, ел тыныштығы үшін еңбек етіп жүрген жандарға алғыс айту – азаматтық парыз.

Ризашылық адамзат өркениетінің ең асыл өлшемдерінің бірі десек, қай халықтың тарихына үңілсек те, киын кезеңдерде бір-біріне сүйенген, жақсылықты бағалай білген қоғам ғана алға озғанын көреміз. Алғыс айту дәстүрі – осы рухани сабақтастықтың көрінісі. Қазақстанда 1 наурыз – Алғыс айту күні ретінде аталып өтеді. Бұл күн 1995 жылы құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы тарихымен сабақтас. Мерекеңің мөнi – тағдыр тоғыстырған түрлі этнос өкілдерінің қазақ халқына және бір-біріне деген ризашылығын білдіруі, ел ішіндегі татулық пен келісімді нығайту. Айтулы дата тек бір елге ғана тән ұғым емес. Мәселен, Америка Құрама Штатта-

рында қарашаның төртінші бейсенбiсiнде атап өтiлетiн мерекесi бар. Ол – шүкiршiлiк айтып, отбасы бас қосатын күн. Канадада да қазан айында дәл осындай атаумен мереке тойланады. Бұл елдерде мереке егiн жинау дәстүрiмен байланысты болса, Қазақстанда ол – тарихи тағдыр мен рухани бiрлiктiң белгiсi.

Қыстың соңғы күндерi аудандағы ахуал алаңдатпай қоймады. Қыс көтерiнде қаңарына мiндi. Бiрде ұйытқып соққан ызғар, бiрде жапаалақтап жауған қар табиғаттың тосын мiнезiн тағы бiр мәрте танытқандай. Ақпанның адуынды желi екiпiндей соғып, талай нысанға салмақ салды. Күшейген дауылдың салдарынан электр желiлерi үзiлiп, бiр-қатар аумақта апаттық жағдай тiркелдi. Қараңғылық құрсауында қалған елдi мекендерде жарық уақытша сөндi. Табиғаттың тосын мiнезi тiрiшiлiктi қалыпты ыргағына әсер етiп, жауапты қызметтердiң шұғыл әрекет етуiне себеп болды. Көктемнiң ләбi сөзiлер шақта табиғаттың соңғы бұлқынысы осылайша елдi әбiгерге салғанымен,

сабыр мен сергектiк сыннан сүрiнбей өтудiң басты кепiлi екенiн тағы да аңғартты. Мұндай сәтте сала мамандары уақытпен санаспай, ақауды қалпына келтiру жұмыстарына бiрден кiрiстi. Апатты аймақтарда жөндеу бригадалары күшейтiлген режимде еңбек етiп, тұрғындардың тұрмысын тұрақтандыруға күш салды.

Қараңғылық қоюланған сәтте елдiң көңiлiн алаң басқаны рас. Алайда дәл осындай шақта «жұмыла көтерген жүк жеңiл» екенiн уақыт тағы бiр дәлелдедi. Апат салдарын жою жұмыстарына 6 бригада мен 25 арнайы техника жұмылдырылып, мамандар тәулiк бойы тынымсыз еңбек еттi. Боранға қарсы тұрған адамдардың маңдай терi мен жауапкершiлiгi – нағыз ерлiкке парапар.

Түн ұйқысын төрт белген энергетиктер мен әр саланың қызметкерлерi үзiлiссiз жұмыс iстеп, кезең-кезеңiмен жарықты қайта қоса бастады. Қалпына келтiру жұмыстары аудан әкiмiнiң тiкелей бақылауында болды. Бұл – жай ғана техникалық мәселе емес,

тұрғындардың тұрмыс-тiршiлiгiне тiкелей әсер ететiн маңызды мiндет едi. Осындай сын сағатта жанашырлықтың да жарқын көрiнiсi байқалды. Жастар ресурстық орталығының қызметкерлерi мен ерiптi жастар игi бастама көтерiп, суықта еңбек етiп жүрген бригадаларға ыстық шай мен тәттiлер апарып, жылы лебiздерiн жеткiздi. Дала ызғары дененi тондырғанымен, адамдық ықылас жүректi жылытты. Қазақ «жақсының жақсылығын айт» дейдi. Табиғаттың тосын мiнезi уақытша қиындық әкелгенмен, ел iшiнде ұйымшылдық пен жанашырлықты айқындап бердi. Ақпанның ақ бораны тек электр желiлерiн емес, адамдардың бiр-бiрiне деген қаморлығын да сынағандай болды. Ал бұл сынақтан Жалағаш жұрты бiрлiкпен өттi. Боран басылар, қар ерiп, бiр-қарсы осындай сәттерде көрiнген азаматтық жауапкершiлiк пен жүрек жылуы ел жадында ұзақ сақталары анық. Ауыз-біршіліктің үлгісін көрсеткен барша жерлеске алғыс!

Гүлжан ЕСЖАН

Лилия Пак, кент тұрғыны:

## Жүрегім қазақ деп соғады

Кеуде сарайына қазақтың бойындағы ізгі қасиеттерді сіңіріп, перзенттерін баба жолымен тәрбиелеп жүрген өзге ұлт өкілдері жетерлік. Дана қазақ олардың әрбіріннің кеудесін итермей, доспын дегенге ұлпадай мамық екенін көрсетіп келеді. Қазақиядай азат ұяның мұрагерлерінің осындай қасиетін көріп, қазақ тілін өз ана тіліндей қастерлеген Лилия Пактың әрекеті талайға үлгі. Мереке қарсаңында біз оның шаңырағында болып, аз-кем тілдесіп қайтқан едік.

Ол жұма сайын жеті шөплек тарады. Қазақ тілінде еркін сөйлеп, салт-дәстүр мен әдет-ғұрып жайын жатқа біледі. Тіпті бұл қатарда өзгеге дес бермейді десек те жарасады. Бір қызығы, ол көріс тілін білмейді екен. Өйткені оның жүрегі қазақ деп соғады. Жаны да – қазақ, ары да – қазақ. Өңгіме арасында ол қызық оқиғалармен бөлісті.

– Жақында Корея елінен делегация келді. Мен көріс тілін түсінбеймін ғой. Олармен бірге жүрген аудармашы қазақ қызы бар екен. Сөйтіп менімен танысып, үйде қонақ болды. Не керек, делегация өкілдері маған Корея еліне қоныс аударуды ұсынды. Тіпті үй де береміз деді. Өрине, мен бас тарттым. Өйткені менің туған жерім – киелі Жалағаш. Осында өстім, үйлі болдым, туған жерімді қалай тастап кетемін. Туған-туыс, дос-жараң, құда-жекжат, барлығы осында, мен тек қазаққа ғана керекпін ғой. Жыраққа кетсем, Жалағашымды сағынамын. Осы сөзімді естіген аудармашы қыз мені құшақтап, көзіне жас алды, – дейді кейіпкеріміз.

Ол өңгіме арасында тағдырдың бұл арнаға қалай тоғыстырғанын айтты. Лилия Пактың анасы мұнда соғыс аяқталған 1945 жылы Қырымнан жер аударылған туыстарын іздеп келіпті. Сол кезеңдегі тағдыр тауқыметі таллайды шыр айналдырды ғой. Бала-сын іздеген ана, анасын іздеген бала – сол кезеңдердің айқын көрінісі еді...

Иә, кеудесінде арманын алаулатып қорей қызы сол күйі туыстарымен қауышпады. Өйтсе де бұрын-соңды танып-білмеген, аяқ баспаған Жалағаш оны құшақ жая қарсы алды. Тіпті төрін ұсынды. Осылайша ол жоқ іздеп келген жеріне келін атанып, тұрмысқа шығады. Қазақта «жыртық үйдің құдайы бар» деген сөз бар. Жаны жабырқағанға жұбаныш болатын дархан елдің ортасында отбасын құрды. Бірақ бұл бақыты ұзаққа созылмады. Өмірге бала әкеліп, перзент сүйді. Тек өмірлік жары 1955 жылы мәңгілік мекенге аттанып кете барды. Бұл уақытта Лилия 5 жаста болатын.

– Менің анам 13 жасында Сыр өліне қоныс аударады. Берген ақшада кімге болса да өзге елде өмір сүру оңай соқпайды. Бірақ Жалағаштың қонақжай жұрты жылы қарсы алып, Қымбат, Көркем деген аламыз қолдарынан келген көмегін аямаған. Үйлеріне кіргізіп, төріне шығарған. Соғыс енді аяқталған уақытта тамақ табу да оңай болған жоқ. Соған қарамастан бір нанды бөліп жеп, бір үйдің балаларындай күн кешкен. Ол апаларым қазір өмірден өткен. Десе де анам сол кісілерге үнемі риза болып, рахмет айтып отыратын. Мен де қазақ ұлтының ол жақсылығын ешқашан ұмытқан емеспін. Балаларыма да әрдайым айтып отырамын. Қазақтар аман болсын. Кеңпейілді, мейірімді қазақ халқына алғыс айтқым келеді. Анам кезінде өмірінің соңына дейін «біз жақсылық көрген қазақ халқына алғыс айтып, құрмет көрсетіп жүр» деп кетті, – дейді Лилия Андрейқызы.

Кезіміз көрген жоқ. Бірақ тарих беттерінде тайға таңба басқандай жазылған деректер жетерлік. Корея халқының басына түскен сол бір қиын кезеңде 100 мыңға жуық корей қыстың қытымыр аязында жер аударылып келгенде төрін берген қазақтың дархандығын олар ұмытпайды. Өзі ішкерге ас, киерге киім таппай отырған кезеңде өзгенің қамын ойлаған ұлтымыз қандай ұлық еді... Бүгінде олардың ұрпағы байтақ Қазақстанды Отаным дейді, қазақтың тілін ана тіліндей көреді.

Лилия алайдың немересі үлкен көрсе «Ассалаумағалейкум» деп қос қолын ұсынып амандасады. Үлкенге құрметі, кішіге ізеті бар. Тіпті ол еліміздің әнұранын шырқағанды жақсы көреді екен. Жай ғана шырқамайды, оң қолын жүрек тұсына қойып, жан-тәнімен беріле орындайды. Бұл көріністі көрген жанның құйқасы шымырламай көрсін. Қандай тамаша!

– Аллаға шүкір, қазір құдандалы үлкен әулетке айналдық. Қазақпен қыз алысып, қыз берісіп, құда болып отырмыз. Өмірге ежелген үш перзентімізнен немере-шөбере сүйдім. Балалардың ішпидехана, тұсау кесерінен



бастап, қыз ұзату, келін түсірудің бәрі қазақы үрдісте өтті. Бақыттың бағында отырмын. Мұнан артық не керек?! Мен – қазақпын. Кеудемдегі жудырықтай жүрегім солай соғады, – дейді көмеңгер.

Саналы ғұмырында елге еңбек еткен Лилия Пак қырық жыл табан аудармастан аудандық емханада жұмыс істеді. Саладағы мінсіз қызметі үшін бірқатар марапатқа да ие болды. Мәселен, Президенттің «Құрмет» грамотасын ерекше мақтан тұтатыны айтады. Сондай-ақ министрліктің, облыс, аудан әкімдерінің алғыс хаттарымен марапатталған. Былтыр аудан әкімі Ардақ Ибраимовтан «Жалағаш ауданының құрылғанына – 85 жыл» төсбелгісін алыпты.

– Осынау жылдарда құрмет төріне шығып жатырмын. Бірақ ең үлкен алғыс – халықтың алғысы. Көрсеткен қызметіңе шын ниетімен ризашылығын білдіріп, алғысын айтып жатса, сенің уақытыңның текке кетпегені.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

## Аллергия

Ене байғұс іштен шыққан соң шығар, ұлымен артық-ауыс сөзге бара қоймайтыны. Бір-екі рет ескертеді, оған мойын бұрар Матығұл болмаса, қалған шаруаны келініне өмір беріп істеді. Үкімет берген аз зейнетақының көбі жақын ағайынның қызық-шыжығына кетсе де қабағын шытқан Салиха кемпірді көрмейсің, Марқұм шалы да қонақжай еді, көп жанды отбасыдан шыққан бұл да жастай осы шаңырақты аттап, күн-түн демеу қонағын күтіп, дастарханды келін атаңды емес пе?! Тамағынан бұрын қабағын ұсынар Салиханың қонақ күтісіне ата-енесінен бөлек, әулетке жақын қайнаға-абысыны түгелдей риза еді-ау. Бұл күнде сол жайсаңдардың жер астына кеткені қай заман? Айтсаң, бәрі ертегі. Кісі жатырқамайтын Салиханың кейде осыны жиі ойлап, жалғыз ұлдың жайына алаңдайтыны бар.

Матығұлдың жаратпайтыны осы. Өзі жеке шаруашылықтың жұмысында жүріп, айлығын жырмышылап мал жиды. Екі сиыр, бір тайынша, жиырма шақты қой-ешкі. Күнзіраш жұмыссыз. Шешесінің зейнетақысын азық-түлікке жаратып, тетелес екі үл мен бір қыздың мектепке киер киімін түгендеп жүргені. Ал ағайын арасындағы той-құдайы жолында қайсысына мал атап, ақша беріп жүреді бұл? «Апам да талқан екен ақымқабат. Бір атадан тарайды екенбіз деп жиған дүниесін осындайға жарата берсе не қалмақ?». Ойы солай Матығұл шіркінін.

Дүние жинаймын деп тыраштанған Матығұл үйленген соң бірге оқпан кластарымен де араласудан қалған. Кей-кейде қисалаңдап келген екі-үш құрдасын ит қосып қуғаны бар. Күнзіраштың елдердей ұялғаны-ай сондағы. «Құдай-ай, көп болса, бір аяқ бәрмешелін жеп, бір шынысын ғана ішер. Неге өйтін?» деген бұған Матығұлдың жауабынан бұрын құлаштай лақтырған көзін етігі жеткен. Жалтарып үлгерді.

– Ябтұа... Не сандалып отырсың? Бұлар бір дәнкіе, үйіңнен шықпай... Соларды суарып отыратын арағың толып тұр ма еді?! Түкірігі шашырғай жылдана айқайлаған күйеуіне Күнзіраш бұл жолы да қарсы келмеген. Үндемей құтылды.

Содан кейін ғой бұған лақап аттың таңылғаны. Қуақы бір кластасы «Аллергия» депті. Алғашында Матығұл бұған шамданып жүрсе де, кейін құлағы үйренді. Кейде «Ел не демедей, есек не жемейді, әкесінің тап аузы, оған басымды ауыртпадым ал» дегендей қасақы мінезбен қасқайып жүре беретін.

«Аллергия» атануының себебі жоқ емес. Адам шіркін түрлі жемістен, шаннан, ыстықтан, әйтеуір бір дүниеден аллергия болып жатады ғой. Түшкіртіп-пысқыртып, мазасыз күйге түсіретін бұл аурудың машақаты көп. Ал Матығұлды? Әлгі іші кепкір құрдасы бұны «сізден аллергиясы бар» деп бір отыртыста қарғытан. Сөз осыдан шығып, азан шақырылған есімге «Аллергия» атауы жабыссын енді. «Аллергия Матығұл». Өзі де жоламай, өзгені де жолатпайтын бұл мінездің тауып берген теңеуін қарасанышы...

Бұл атау да Матығұл ана дүниеге көтем дегенше айтыла берер ме еді, кім білсін, мына бір оқиға орны алмағанда...

Иә, Матығұл өзгеріс пе еді? Бірақ өзгерді. Өзгерген сол бір жағдай. Көңілінде ешпестей із қалдырыпты.

Бір жыл бұрын шешесі отабалымын түбісің қарап кеткен». Ағайын арасына сыйлы қарияны Күлдекең де көп әуреге салмапты. Түсік шайдан соң кішкене мығып алатын Салиха кемпірдің «басымның шаңшуын-ай» дегенін Күнзіраш келін ғана естіп еді. Бесін уақытында аһылап-үйлеуі көбейді. Бұл кезде жұмыстан оралған Матығұл да шешесінің бұрын-соңды бұлай ауырмағанын көріп, абыржыңқырап қалған.

Салиха күн ұясына қона бере үзілді. Кетерінде бір-екі ауыз ғана сөз айтты. «Ағайыннан ажырама, жалғұсым. Мені әкеңнің қасына жайғастырған соң... Иә, солардан көп үзбе...»

Осыны айтты. Бырқ-бырқ етіп жылаған Матығұлға «апам-аулаған» Күнзіраштың қосыла шыққан зарлы жоқтауын көрші-көлем түгел естіген еді. Біртіндеп ел ішіне жайылған қаралы хабардан соң қазалы үйге ауыл адамдары аянда берді.

– Сүйегі асыл ғой, жөнешемің, – дейді көңілқос айта келген әрі туыс, әрі рулас ағайынның үлкен Шәріпбай.

– Ешкімге салмақ салмастан ауырмай-сырқамай кезе баршыты-ау жарықтық, солай, – деп көп орамалымен жасаруай күтін сүрте соған қайта жалғады.

– Шырағым, Матығұлжан, Салиха саған шеше болғанмен, маған жеңге, мына отырған ағайынның біріне апа, біріне шеше іспеті еді. Алпаның өміріне не шара?! Жамзыштан озмыш жоқ. Бұйрық келді ме, талқаны таусылған қай пенде де бұл жалғанда тұрмақ емес. Ендігі мәселе – жөнешемді оң жаққа орналастырып, шамамыша кәде-қауметімен атандыру. Сүйегіне түсетін адамды реттерміз. Ана сырттан келер жақын-жуыққа хабар бергіз, қонақасы мен намазына сояр малды даярла. Ләк [1] қазуға жігіттерді мына Бекболат ұйымдастырар. Ал ағайын, бұл шаруадан ешқайсысың да қалыс қалушы болмаңдар!

Соның қатқылдау аяқтаған Шәріпбай шалдың сөзіне барлығы да кеу-көулесіп, қосыла кетті. Ауылдағы үлкен сөзінен аспау дейтін тәрбиеден бұл жиналғандар мақұрым емес еді.

Шешесінің ағайыннан бөлек ауыл ішіне сыйлы екенін сонда көрді емес пе, Матығұл? Сүйекті ауыл сыртындағы қорымға қойғанша барлығы тік тұрып қызмет етті. Шәріпбай шалдың өзі жеңгесінің аруағы риза болсын деді ме, былтыр қысыр қалған қасқа сиырын атады. Енді бір туыстары қазалы үйдің қажетіне деп ақшалай тапсыруда. «Жетісі бар, қырқы не жүзіне соярың» деп руласы Бекболат та екі жасар тай өзін бұның қорасына қамғаған. Ағайын жабыла кетсе, жыртқы көңілдің жамалатынын сонда білді Матығұл. Көршілері әр бейсенбілікке сояр ұсақ малды өз аттарынан қағазға тіздіріп жатты.

Салиха кемпірдің жамбасы жерге тиген күннің ертеңіне Бекболат тізім жазылған дәптер мен жиналған қаржыны Матығұлдың өзіне тапсырған. Есептеп, барлығын тәптіштеп түсіндірді. Ірі қара мен қой-ешкі атаған туыстарын атап көрсетті. Сондағы Матығұлды таңғалдырғаны – кластастарының жинаған қаржысы. Бақандай 200 мың теңге. Әдейілеп ерқайсысының аты-жөнімен тізіпті. Тіпті анау Алматы мен Жамбылдағы Сәбит пен Нұрлан да Салиха кемпірдің қазасына бейжай қарай алмаған сияқты.

– Иә, кластастарың ұйымшыл екен, Матығұл. Аламын басын қарайтуға осылар берген ақша да жетіп қалады-ау. Цемент пен кірпішті Қазалыдан менің газигімімен алып келерміз. Тәуекел, апта соңында осыған кірсеіік.

– Мақұл – деген бұл да. Расы керек, Матығұлға мұндай жөн-жоралғы мен той-қазада атқарылар істің қай-қайсысы да беймәлімдеу. Содан шығар, Бекболаттың әр сөзіне тек бас шұлғи берген.

Сол күні көшке тұншығып ұзақ жылады. Әрі шын жылады. Күнзіраш та бір үн қатпады. Қосағының ішкі қиналысын әбден шығарып алғанын ол да қалағандай.

«Апамның аруағын сыйлады-ау бұл жұрт. Әйтпесе мен кімнің шікірәсі едім? Осы кезге дейін кімге қайырым тиді? Тым өлермендікпен өзімішп болып, боқ дүниені қуғанда тау тұрғыдайым ба? Қайдам. Бір елде тұрып, бір ауаны жұтып, бір ағайынның той-қуанышына да қатыспаппын. Өлім-жітімне көңіл айтпаппын. Сондағы шыққан ұшағым қайсы? Сырттай сынайтын ағайынның айтатынындай-ақ бар екен-ау, кіне өзімде...» Ішкі өртеп өткендей болды өлдене. Бір бөлмеде жалғыз өзі дөңбекши жатып, таңға дейін солығын баса алмаған еді сонда Матығұл.

Осы жайттан кейін ғой Матығұлда мың өзгеріс пайда болғаны. Шешесінің жылдық асынан соң Шәріпбай шал да ұзамаған. Сексенге тақап қалған қарттың ескі дерті сол баяғы шаңшу еді. Ақыры алып тынды. Хабар келгенде Матығұл азанғы шалды өнді аузына ала берген.

– Маке, Шәріпбай көкем кетіп қалды ғой. Соның хабарын жеткізіп жүрмің, – деген рулас інісінің сөзін естігенде қолындағы кесесін түсіріп алды.

– Не дейді мынауың, шал кеше ғана поштадан пенсиясын алғалы тұр еді ғой.

– Түнде ұстапты. Сол баяғы колхозда жылқы бағып жүргенде тапқан шаңшуы ғой. Балалар қалаға алып кетпекші болған екен, өзі қарсы болыпты. Әлі бір сағат болмады қайтыс болғанына.

«Апам сияқты көп қиналмастан кетіпті Шәкем де». Басына бірінші келген осы ойды лезде ысырып, Матығұл суық хабар әкелген інісіне «мен қазір жетемін» дегеннен басқа тұқ демедей. Ол кетісімен көз жасын өлгінде ғана сығып алған Күнзірашқа «жиналайық» дегені.

– Қайда? – Қайдасы несі? Шәкемнің үйіне. Барып қызмет қылайық. Сояр малы мен басқа да тіршілігіне жәрдемдесейік. «Бұл қазақ елікке көңіл айттып келгенмен, бір жылап, бір сыйнап келеді» дейтін еді апам. Ағамның соңғы рәсімінде мен жүрмесем, кім жүреді?

Күнзіраш Матығұлдың бетіне аңырап қараған «Мынауың шынымен біздің бай ма еді?» дейтіндей таңырқаулы көзқарас.

– Әй, неменеге бақырға қалдың. Балалардың түсік тамағын дайында да артыман көп. Мен өзім бара берейін... Сол күні Матығұл Шәріпбай шалдың қазасына екі сиырының бірін жаздырды. Екі білекті сыбама мал сойып, жіліктеп те үлгерді. Көңіл айта келгендермен де көрісе жүріп, қорымдағы мәңгілік жатар орнын дайындауды жақын інілеріне тапсырды. Мәйт алдындағы тірінің міндетін түгелдей атқармаса да, араласып болған. Әрі бұның бәрін шын көңілден жаныға жүріп істеп еді-ау.

Қызығы сол Шәріпбай шалдың қазасынан кейін елдің аузындағы сөзі Матығұл болған. Сырттақ шал сұраса бермейтін сараң жігіттің бұл қылығы көп ағайынды сарсаңға салып қойғанын несіне жасырайық?! Тіпті Күнзіраштың өзі күйеуінің бұл өзгерісін неге жорырын бірталайға дейін білмей жүрді.

Арада көп уақыт өтті. Қай ағайынның да қызығы мен шыжығында Матығұл мен Күнзіраштың жүретінін елдің көзі әбден үйренді. Ал кейде өзі білетін «Фатиха», «Ықыласың» оқып, балаларымен бірге әке-шешесінің басынан ауылға қарай аяндаған бұрынғы «аллергия Матығұлды» мен де жиі көрімін. «Аллергиядан» айықтырған өз ағайыны екенін ол да іштей білетін секілді...

Ержан ҚОЖАС  
БАСЫ 1-BETTE

Асқар Жұмаділдаев – 70 жыл

# Апыл-ғұпыл Асқар

Асқар көп, бірақ бұл Асқардың жөні бөлек. Жүріс-тұрысы да өзгеше, біреу қуып келе жатқандай асығып-аптығып тұрады. Алып-ұшып сөйлегенде біреуін түсініп, біреуін түсінбей қаласын (бұл сөйлем құрдастыққа қарай иіліп тұр). Не істесе де тып-типыл ғып таза істейді. «Сабақты қалай бересің, басқалар түсінбей қалмай ма?» десем, «Мен емес, формула сөйлейді ғой» дейді тағы да асығып-аптығып.

Ол әуелі өлең жазды. Әдебиетші болсам деп армандады. Шиеліде жүріп аттастары Асқар Тоқмағамбетов, Асқар Сүлейменов, тіпті сол кездегі көкірім Асқар Егеубаевтың не жазып, не қойғанын жатқа айтатын. Талдауға да дайын тұратын. Аудандық «Өскен өңір» газетінде бір-екі өлеңі жарияланғанда өзінкіні өзі таңдайы тақылдап, жатқа айтып тұрып алатын, шығарма жазғанда еркін тақырыптың шырайын шығаратын.

Есепке алғыр еді. Арифметиканы арта қалдырып, математикаға келгенде алдына жан салмайтын. Тақтаны шимайлап-лап-шимайлап, мұғалімнің меселін қайтаратын  $Ax^2+bx+c=0$ -дің ақырын ойланбай айтатын. Бұның қолына түскен есептің тағдыры жеңіспен аяқталатын. Аудандық облыстық олимпиадаларға қатысып, жүзде алған көздері де аз емес. Сегізінші сыныпта республикалық олимпиадада жеңімпаз атанған Асқарды физика-математика мектебі өң тағып алып қалып, бір-жолға есептің даңғыл жолына түсірді.

Асқар туралы аз айтылған жоқ. Бірақ бәрі де балалы шағымыздағы «Білім және еңбек» жарияланған мезгіл «Математик Лидің Шиелідегі шәкірті» деген бір бет мақалама жетпейді. Ол – құрдастарының ғылымдағы тұсауы емес, Ли еселерін Шиеліде отырып шығара беретін дарынның портрет-бейнесі болатын. Бұл мақала сол кездегі ештенені қалт жібермейтін Орталық Комсомол Комитетінің хатшысы Әзбәкәлі Жәнібековтің назарына ілігіп, жадында қалыпты.

Ол математика мектебіндегі ұстазы Орынбек Жәуітқовтің «Мәскеуге баруға орысша білмейсің ғой, КазГУ-ге түсе берейші» деген сөзін тыңдамай, «Ауылға барып қайтайын» деп Шиеліден өтіп кетіп, Мәскеуге бір-ақ тартты. МГУ-ге құжат тапсырып, диктанттың орнына еркін тақырыпқа шығарма жазып, «Соғыс және бейбітшіліктегі» Андрей Болконскийдің монолонын толғап, баға қоймай, бұны танытын орыс математиктерінің қамқорлығы арқасында қайта диктант жазғанын бұл күнде біледі. «Азият бала» МГУ-де Ленин атындағы шәкіртің аны болып, қызыл дипломмен бітіргендердің бірегейі атанды.

Ол біртүрлі болмыс. Құнарлы топырақтан шықса да, шылым шегіп, насыбай атпайды, анда-санда «апынған» ауыз тигізгенде ортаға шығып вальс билейді. «Дунай толқынына» тербелгенді жаны сүйейді. Ағарған десе, төбеті тартып тұрады, айран көрсе, кесесімен сіміреді, «қаққа құдай жақ» деген тәмсіл сөзден жаны тоят табады.

Он екі жастан пойызға мінді. Физика-математика мектебінде оқып жүргенде Шиелі мен Алматының арасын, МГУ-ге түскенін Шиелі мен Мәскеудің арасын жол қылды. Пойызды сұмдық жақсы көреді, пойыз туралы кітаптарды жаны сүйіп оқиды, ішінде менің «Жүрдек пойыз» деген кітабым да бар.

Көгілдір экранның көркі, «Бетпе-бет» те сөз алса, бетің бар, жүзің бар демей айтып тастайды. Тәуелсіз еліміздің алғаш сайланған халық қалаулысы болғанда ел мен жердің қамын шықшынып айтаң бір-еудің бірегейі атанды. Өлі де тігізіп айтып, туғанына жақпай жүр. Айтпаса тұра алмайды. Айтпаса алмас қылшып іші тігілеп, ұйқы көрмей тербеліп жүріп алады.

Шәкірт тәрбиелеуден кенде емес, қазақ баласының көзіне үмітпен қарайды. Есепті «5 қойың бар, соның 3-еуі төңдеп, егіз қозыдан тапты. 2-еуі төлдемей қалды, сонда неше қойың болды?» деп сауал қойып, түсіндіреді. Алғабрада «Төрткен төңдеуін» ашты. Сыртталылар қазақты білсін деп өлейі Кенен ақынның қызы Төрткен есіммен атады. Бұл – алғабрадағы жаңалық болып ғылымға өнді. Ауылға барып, мектепте қышқайталар мен кездесу етікізгенде «Таба нанды қолмен төртке бөлсең нешеу болады?» деп сұрайды. «Төртеу» деп шу ете қалады. «Жоқ, бесеу болады, бидайды есепке алмайсыңдар ма, бидай болмаса, нан қайдан шығады?» дегенде, кішкентайлар кілт ойға шомады. Ол «нанның атасы – бидай» деген сөздің төркінін түсіндіріп кетеді.

Асқардың санасында әркез «Капитал» – картинадағы марксизм» деген сөз ойран салып тұрады, қазақ баласы қалтасындағы қаражаның ие болса екен деп жанұшырады. Үйде отырып Американың есебін шығарғанда тек теорема мен сенімге, сосын туған топырағы да-рытқан адалдыққа арқа сүйейді. Соңынан ергендердің маңдайынан сипағысы келіп тұрады. Соның бір көрінісі – жыл сайын Қызылордада өтетін А.Жұмаділдаев атындағы жас математиктер бәйгесі. Бәйге жеңімпаздарына өз қалтасынан сыйақы төлейді. Есепке шығы берілмегендерді бірден таниды, арифметика мен математиканың арасында нан тапсам ба деп жүргендердің әрекетін былыш етікізіп бетіне басады. «Босқа көткен» сыйақыны естіген бүгінгі байшы-көштер тырқылдап күліп, өздерін ақылыды санап, елінің ертеңін ойлаған жігітке мырсымыр етіп мысықдай қарайды. Ал жүрегі жарылып, бақтыны осы бәйгеден бастап жатқан қазақ баласы қаншама!

Ұялы телефон ұстамайды. «Заманның дәуі» компьютерге де санаулы сәттерде ғана бойынсады. Оның «белая смерть» екенін біле тұрып, амал жоқ, бас иеді. Баяғы кара машинаның жаны сүйейді. Компьютермен ойнап отырған қабылдау белмесіндегі хатшы қыздар СПТУ бітірген секретарь-машинисткалардай білімді болса ғой деп армандайды, СПТУ мен хатшылық мамандықты қайта ашу керек деп «Бетпе-бет» мәселе көтерді.

Даңқа құмарпайды. Алғашқы болып Хван деген күршіші көріс үшеуімізге «Шие-



лінің құрметті азаматы» атағын беріп, сол кездегі аудан әкімі Нұрлыбек Нәлібаев салтанатты түрде тапсыруға шақырғанда: – Барамыз ба, сол атақ бізге не береді? – деді.

– Шиеліге барғанда автобуспен тегін жүреміз...

– Мен ауылға барғанда тек жаяу жүремін...

– «Құрметті азаматқа» жылына бір мәшине көмір түсіріп береді екен...

– Бұнысы дұрыс екен. Шешеме көмір керек, – дейді ағынан жарылып.

Шәмшінің өңдерін ыңылдап айтып жүреді. «Қайықтаны» айтағанда алғашқы махаббатқа деген сағымдай сағынышын сыртқа шығарса, «Сыр сұлуын» шырқағанда туған жер мен көзкөргендерге деген кіршіксіз көңілді көресің. Сзылыып вальс ойнағанда, беріліп кетіп, қыз-келіншектерді биге шақыратын шымдамсыздығы да бар. Пушкин мен Абайды, Ахматованы, Шахановты таннан кешке дейін айт десең, айтып береді. Өлең жазудан өзі де кет өзі емес. Бірақ ешкімге көрсетпейді. Көрсеткен өлеңі мынау. Басқасы да бар. Бұны да қымысаң қарайтын жұрт білсін қазіргі құмырсқадай қыбырлаған жазармандардың беті қызарсын. Ал оқиық...

– Шиели

Теміржолдың бойында, Таң шығындай ауыл бар. Мөңгі қалар ойында, Бал татыған қауын бар.

Үйге кірмей далада, Кешке дейін күн батпай. Сол бір күндер санада, Таңғажайып жұмбақтай.

Болушы еді бұғатын, Жоңышқаның жиегі. Бұл сырымды ұғатын, Жердің аты – Шиели.

Отыратын бір дана, Алпақ күміс сақалы. Он екіде бір бала, Кетіп еді қапалы.

Сол кеткеннен жер шарың, Арман қуып көп кезді. Шиелідей жер барың, Сағынышпен көп сөзді.

Талай жерде төрледі, Мақтамайық өте тым. Таңның шығын көрмеді, Шиеліге жететін.

Қуаныш пен қайғының, Демін татып көп көрді. Пәк сезімнің айдының, Шиелі ғып көмкерді.

Жылдар көшті қып мазақ, Тышқан ұлу, түйелі. Көш соңында бір қазақ, Арман жыры – Шиели.

Жан-жары Құралайдың әкесі Тұманбай Молдағалиев қайын атасы болғанмен өмірде туған ағасындай серік болып өтті. Ол Асқарға бірнеше өлең арнады. Бұның бәрі әкелік риза көңіл мен жарын жоғалтқан жарым көңілге үлкендік жасап жұбатау еді. Оны елуінде «Біздің Асқар» деп өлеңмен жеткізді.

Қапал алдында тұрғандай қабағын шыттың, Айламен емес, ақылмен жауынды жықтың. Өрлемей-ақ, қыранның қанатымен, Ғылым деп едік ғылымның шыңына шықтың.

Ұмытпас енді турдан ел батырдың мөңгі, Алысын сені аялап, жақының жанды. Ағылшын өзі Асқарға айқанды жөн деп, Немісші өзі неше көп ақылыңды алды.

Қалмайды бүгін қалмайды сенен де ай, күн, Асқарым, өзін арқанда белдегі баймын. Математика дегенді жанғақтай шағып, Қазақтың мүмкіндіктерін өлемге жайдың.

Бір бүйрегінде жатады бүтіндік ұран, Заңғарларға ұшып жетем деп күтінді қыран. Бүкіл әлемнің бір ұлы өз балам – деймің, Ішімнен соған шаттанып, шүірлік қылам.

Сен жүріп өткен ұрпақ көшенің гүлің, Бақытты шалдың ғұмырын кешерім ұлым. Елуге жаңа келіпті, Алтынай, папаң, Жалғыз жүріп-ақ жеңіпті мешеудің мынын.

Керекті жерде қашанда сөйлеуді білген, Өрнектер көрдім, Асқарым, бейнәнді гүлмен. Құралайымның жоғын-ау осынау тойда, Тағдырдың қатал оғын-ай кеудемді тілген.

Көктемде жауар жанбырсыз гүлдей ме ақыл

Күні барларды уақыт күндей ме батыл Құралай бар деп ойландар осынау тойда, Алысқа кетіп, келуге үлгермей жатыр.

Артыңнан шәкірт балалар топтана ерсің, Жұмаділдаевтар мақталды, мақтала берсін. Адамзат үшін жаралған Асқарым менің Ойларың көп қой, тойларың көп бола берсін.

Асқар да қарап қалған жоқ. Қайын атасына өлеңмен жауап қайырып, «сенімді ақтаймын» дегендей, көкірегің шыр-маған бұл-бүлік еткен перзенттік сенімді байлаша жеткізді.

Сіз де келген елуге біз де келдік, Көктем кетіп, жаз кетіп, күзге келдік. Үйде қалса, отырар көлі түіліп, Батырмыз жасайтын түзде ерлік.

Елуге жеткен де бар, жетпеген де, Не сауап алдап-сулап ептегенде? Істерің сөздеріңнен кейін тұрса, Не жауап келер ұрпақ «кет» дегенде?

Талай іс күтіп тұр-ау келуімді, Аз сөйлеп, көп нәтиже беруімді. Көзілдірік кігемінді көріп едің, Құралайым, көрмедің елуімді.

Мұңымды сөздіретін көзім ғана, Қуатым – қайрат, жігер, төзім ғана. Құралайым қатыспаған осы тойда Жұбаңның отырғаның өзін, аға!

Көп көрелік қуаныш, аз ба қайғы, Желпек шал желіп жүріп, жол бұлғайды. Сары құм арасында сары бала, Сағыншы сағым болып қол бұлғайды.

Асқарда мұң бар. Қос перзентін қалдырып кеткен Құралайым қалай ұмытсын. Соны шын сезіп, түсінген адамға мен дрілірің қара өлеңмен осылай жеткізді. Қара өлең оған көмек берді.

Ол – қазір оты маздаған ошақ. Сырды қызыл жыңғылы мен сырбаз секесулі секілді иілмей, алты ондықтың қиын өткелдерінің бәрін бастан өткерді. Қара қазанын қайта қайнатып, есебін шығарып, еңсесі түспеген белделді қазақ.

Өлең сөз десе, жаны шырқырайды. Көңілі өбден қалғанда қатты бір күрсініп алып «Қазаққа ақын керек емес, технократ керек» деп бір сөз айтқан екен, бәрі өре түрегелді. Кәдімгі басы бар да, аяғы жоқ базардағы дау-дамай. «Жау шаптылап» жүргендер өлі де жоқ емес.

Асқарды бір білсе, білетін менің. Оның сөзінде ыза бар. Құдыққа үңіліп қарасаң, шыңыраудың түбін көрмесең де, бір нәрседен секем алып тұрасың. Жазушылардың 2019 жылы өткен құрылтайына бірге барып едік, «Мыналар болмайтын сөзді айтып кетті ғой, мен кеттім» деді шыдамсыз жетпей. «Неге?» десем, «Әдебиет туралы бір ауыз сөз жоқ, кім не істеп, не қойды деген баяндама жоқ, Опера театрың бір күнге сұрап алған екен онан да сол қысқа уақытты тиімді пайдаланбай ма?» дейді алабұртып.

Оның дұрыс. Осы жиында аруақ Жамбылдан бастап, қолына қалам ұстаған жандардан сау адам қалмады. «Әдебиет – ардың ісі» деп бастадық та арсыздың сөзін айтып кеттік. Мәскеуден бастап, бүкіл дүниежүзінің алқалы жиндығын көрген жігіт өз ауылының бәтуасыздығына шайдай алмай, залдан шығып кетті.

Ал енді Асқардың өлгі сөзіне келейік. Үйінде отырып, Американың есебін шығарған ол бәрине биіктен қарайды. Оу, шаңсорғышты Жапониядан, құл сүртетін майлықты өзбектен сатып алып жүрміз. Екеуіміздің ауылымыздағы жер астын дүркіреткен мұнайдың «бригаді» – қытай. Қазақ оқымаған «техниканы» игере алмайды екен. Олар қора сыпыру мен қарауылдылыққа ғана жарайды. Өлең сөз жазған озық ойлыларымыз 37-ден бастап, өліге дейін бір-бірі қара есекке теріс мінгізіп келеді. Бұл – ұлттық характер. Асқар осының бәрін көріп, жаны шырқырайды. «Ауылға барсам, бір жігіт «бір өлеңім бар еді, оқып берейін» деп өтініш айтты. Қыды. Кәдімгі қарабайыр өлең. «100 грамм болса, тағы біреуін оқыр едім» дейді деметіп. «Өзің немен айналысасың?» «Тракторшымын».

«Неге бос жүрсің?» «Трактор бұзылып тұр. Біздің ауылда трактор жөндейтін механик жоқ» деп бір нәрседен көксегендей болды. «Сен, інім, Ауыл шаруашылығы институтына түсе инженер бол. Ауылыңның жерін жыртып, еліңін сап». «Сізден басқа маған кім ақыл айтады. Сонан кейін ғой, ақыңдықпен айналысып жүргенім» дейді. Тағы бір ақыңды көздеріңдім. Ол удай мас. Химия-технология институтын бітіріпті, «жұмыс таппай сандалып жүрмін» дейді терсірейе қарап.

Асқарда мысал көп. Ол тек өлеңді емес, қоғамды көлемдеп отыр. Өйткені онда өткір көз бар. Оның көзі – көрмесе тұра алмайтын «ұятсыз» көз. Шиеліге

көрші ауданның бір жігіті Ленинград Азаматтық авиация институтына түсіп келгенде ауылдастары менсінбей, «бес жыл оқып, самолет айдайсың ба?» деп тұқыртыпты. Осы бір-бірімізді тұқырту-дың арқасында өлемдегі инженериясы да-майы қалған елдердің санатындамыз. Бар заводты бұзып, бар өндірістің өмірін қидық. Ақындарымыз баршылық, олар да бір-бірін тұқыртудан аса алмай жүр. Осының бәрін Асқар «көрмейін десем, көзім бар» деп айтып отыр. Өйтпесе ұлттық поэзияның бары мен жоғын бір адамдай сараптайды. Өлең жазғандар мөмсіллік ала алмадым деп омыңдап «Осы менде соның біреуі емес, екеуі бар, үйден көп алып кетсінші, маған Гильберт. «Ақындар емес, технократтар керек» деуі – сөзден бәтуа кетті, халық аузына қараған құдайлар не болса соны айтып кетті, «молданың айтқанын істе, істегенін істемей» халық талқысына салып отыр. Қол сүртетін майлықты өзбектен сатып алатындығымыз да жанын шырқыратады. Оу, бұзып тастап, орнына зәңкітіп ұй соққан АХБК майлық пен ормалдың жеті атасын шығарушы еді ғой.

Асқар сөз қуғандарға XXI ғасырда ұлттық маман керек, самолетті өзіміз айдап, зымыранды өз омызымен аттасқақ, Бейімбеттің «Охрана бастығы» болып қалғанымыз қалған дегенді мекензеп тұр.

Екеуіміз Байқоңыр атанған Төретамның түбінде тұдық. Айтматовтың романындағы мәнғүрттер мекені де – осы жер. Шүршіттер де, жуан-жуандар да сол жерде. Ол ауылға барған сайын соның бәрін көріп, көңілі құлазып қайтады. «Бұлардың қолынан тұк те келмейді» деп ағаиын-туысын құл қылып ұстап отырған кірмелерді көресің. Өлең жазғандарға наз айтса, олар да – өздеріңше бір өмір. «Мен – қазақпын, мың өліп, мың тірілген» дейтін ешкімді таппай жүр. Тұнып тұрған мұнай мен уранға инженер болып өзі қол бұлғап, өзі ие бола алмаған қазаққа лирика сенің не теңің дегенді айтып тұр. Сағи мен Қуандықты, Төлөген мен Мұқағалиды, Жарасхан мен Темірханды, Ұлықбек пен Есенғалиды, Амаңқан мен Байботаны жатқа айтып, ботадай боздап отыр. Бетке айтып тастайтыны – бала күннен қанында бар қасиет. Жәнеуә әуежайында Шыңғыс Айтматовпен кездесіп қалып, жүгіріп барып қолын алып, «Шықа, сіздің «Боранды бекеттегі» Едігенің шыны аты Үсен ғой. Ол – менің түп нағашым. Атам аңыз қылып айтып отыратын» дегенде, Шықа күлімсіреп, «Ол рас, өзгерттік қой» деп бәйке мен іні біраз өңіменің басын қайыраған.

Түркістанда өткен Ұлттық Құрылтайда үкіметке төтесінен бес мәселе қойып, елді өлең етізді. Оның біріншісі қазақ тілі ғылым тілі бола ала ма деген сауалдың тіліні жатқызып, әдіптеп, әлеуметке түсіндіріп берді. «Францияда Наполеоннан қалған мұра бар. Император әрі майда, әрі сыпайы француз тілін ғылым тіліне айналдыру үшін Академия ашқан. Оның жұмысын өзі қатаң қадағалаған. Біз де майы тамған құнарлы тілімізді от басы ошақ қасынан биік ұстап, осылайша ғылым мен мәмлекет тіліне айналдыруымыз қажет. Екіншісі ғылымды на-сихаттайтын қазақ тіліндегі ақпарат құралдарын көбейту қажет, оның ішінде алгебра, геометрия, медицина алдыңғы орында тұруы керек. Бір Түркістан облысында 350 газет пен журнал шығады екен, одан ғылымға не пайда? Жалғыз ғылым-танымдық журнал «Білім және өңбек» те кейіннен әдеби дүниелер жариялап кетті. Журналдың мазмұнын қайтадан қалпына келтіру керек. Үшіншісі бізде энергия жетпейді. Атомжөж ел – қауқарсыз ел Франция, Жапония, Түркия сияқты атом электр станциясын салу қажет. Тағы біреуі – су мәселесі. Біз суды көршіден сұрап ішіп отырған еліміз. Өрт сөндіруге де су керек, жасанды жаңбыр жауғызатын тәсілді игеретін кезге жеттік. Соңғысы патрон да өз оқшантайымызда тұруы керек. Жаман айтпай, жақсы жоқ, өзбек өке 1 теңгенің патроның 3 теңгенен сататын күн туа қалса, қайтпекпіз? Өз омызыз өзімізден болғаны дұрыс-ақ...

Осылайша ол әр сөзін шегелеп, қадап тұрып айтты. Президент те қорытынды сөзінде «Академик Асқар Жұмаділдаев айтқандай» деп ойып алып оймақтай ұшпай кетті. Сөз ұсыныс күйінде құлақта күңгірлеп, көкте қалқып жүр. Қайран қара сөз, іс болып жерге қонса екен деп күтуліміз.

Асқарда арман мен мұң бар. Мұң бар жерде зызын ұшықны бар. Біздің орман-тоғай да жалғыз оранып жатыр. Өрттен қалған бықсықтың орнын өлшеп-пішіп, жанжырлық көрсеткендерге марапат беріп, медаль тауу дестүрге енді. Ал ұрып қалған ата-ананың обалы кімге? Желтоқсан жанымызға жаңа салса, қантар – қасіретіміз. Осы екі дата қазаққа көлді алып берді. Революция да үзәдан бастау алады. Өлі де екі аяғымызды тең басып тұрған жолқызы, екі аяқты үзеңгіге тең салсақ деп күн кешкен ер-азаматтың санасында елінің еркіндігі бүлкініп жатыр. Ол еркін ұшқан құс болсам деп армандайды. Расулдың «Тырналары» да көкірегің әркез тырнап өтіп, қайта көңілің тоғайтады. Түсіңде жайқалып өскен ел мен аспанға, атқылаған мұнайға қанатын малып бара жатқан қара торғайды көріпті. «Жақсы түс – жаңға азық» деп көшеде таяқ шыңген кембағалға садақасын беріп, Астанадағы зәулім үйге алыстан қарап көз тікті. «380 шаршы метр үйде биіксізмен тұрады, неге осы үйді санаға сөзле құйған ғалымдар мекен өтпейді?» деп «Том ағайдың лашығын» тұрақ қылып жүрген ерпістерттерн ойлайды. Көшеде түбіт мұрт тізілген ұстаған «Джил» пен «Тойота» бағдаршамға бағынғысы келмей, жолындағысын таптап кетсе жаздап атырылып тұр. «Осылар аспанда қалықтаған қыран құстарымызды тізгінде сөй, аспанды да өзіміз бағындырар едік. Осы мәшине айдағандарды ішінен мәшине жасайтындар да шықса ғой» деп, іші шым ете қалды.

Қызыл өлі жапып тұр. Жасыл жанғанша дызақтап, жаны тыншыр емес.

Қуандық ТУМЕНБАЙ

Құқықтық жүйені цифрландыру – қазіргі заманның басты бағытының бірі. Бұл бағытта сот ісіндегі электронды арыз беру азаматтарға өз құқықтарын тиімді әрі жылдам қорғауға мүмкіндік беретін маңызды құралға айналып отыр.

## Сотқа электронды түрде арыз беру: азаматтарға заманауи жеңілдіктер



Электронды арыз берудің артықшылықтарына келсек, сотқа электронды түрде арыз беру азаматтарға бір жағынан қолайлы. Уақыт үнемдеуде де тиімді, өйткені құжаттарды қағаз күйінде дайындау мен тасымалдаудың қажеті жоқ. Барлық процесті онлайн режимде орындауға болады.

Қолжетімділік те артады, қала немесе шалғай аймақта тұратын азаматтар үшін сотқа бармай-ақ арыз беру мүмкіндігі туындайды.

Тіркеу мен бақылау да жеңілдейді, яғни электронды жүйе арыздың түскенін дәлелдейді және оның қаралу барысын бақылауға мүмкіндік береді.

Ыңғайлы интерфейс, яғни электронды портал арқылы арызды толтыру, қоса тіркелетін материалдарды жүктеу, арыздың күйін көру сияқты функциялар қарастырылған.

Жүйені қолдану тәжірибесіне келсек, қазіргі таңда көптеген азамат пен заңгерлер электронды арыз берудің артықшылықтарын пайдаланып жүр. Бұл судьялар мен сот аппараттарына да процесті тиімді басқаруға, өтініштерді жүйелі өңдеуге жағдай жасайды. Құқықтық көмек мамандары да электронды арыздың қарастырылуы жеңіл ері түсінікті екенін айтады.

Электронды арыз беру – азаматтардың құқықтық қолжетімділігін арттыратын маңызды құрал. Ол уақытты үнемдеуге, процесті тиімділігі мен ашықтығын қамтамасыз етуге көмектеседі. Болашақта бұл жүйе одан әрі дамып, сот қызметтерінің барлық бағытында сапалы қызмет көрсетуге жағдай жасайды.

А.АЛТЫНБАЕВ  
Жалағаш аудандық сот  
әкімшісінің басшысы

Сақтансақ, сақтайды

## Сауда орындарында өрт қауіпсіздігін сақтайық

Сауда орындарына күн сайын ондаған, тіпті жүздеген адам келеді. Мұндай нысандарда қауіпсіздік мәселесі әрқашан бірінші орында тұруы тиіс. Өрт – аяқ астынан болатын қауіпті жағдай. Ол адам өміріне қауіп төндіріп қана қоймай, үлкен материалдық шығынға әкелуі мүмкін.



Өрттің шығу себептері әртүрлі. Көбіне электр сымдарының тозуы, розеткаларға шамадан тыс жүктеме түсуі, қыздырғыш құралдарды дұрыс пайдаланбау немесе қауіпсіздік ережелерін сақтамау салдарынан орын алады. Сондықтан электр жүйесінің жарамдылығы үнемі тексеріліп тұруы керек.

Әрбір сауда орнында өрт сөндіргіш құралдар қолжетімді жерде болуы тиіс. Өрт сөндіргіштердің жарамдылық мерзімі уақытында тексеріліп, ауыстырылып отыруы қажет. Сонымен қатар эвакуациялық шығу есіктері ешқашан құлыптауы тұрамауы керек, ал дәліздер мен баспалдақтарда тауар немесе басқа заттар қойылмауы тиіс. «Шығу» белгілері анық көрініп, жарықтандырылып тұруы қажет.

Қызметкерлердің өрт болған жағдайда қалай әрекет ету керектігін білуі маңызды. Арнайы нұсқама өткізу және оқу-жаттығу жұмыстарын жүргізу – қауіпті алдын алудың тиімді жолы.

Қау

# Қауіпсіз мектеп қалыптастыра алдық па?

Мектеп білім ордасы ғана емес, қауіпсіздік кеңістігі болуы тиіс. Сабақ қоңырауы соғылған сәттен бастап мындаған ата-ана баласының амандығын ойлап, іштей алаң күй кешеді. Өйткені бүгінгі қоғамда білім сапасымен қатар мектептегі қауіпсіздік мәселесі де өткір тақырыпқа айналды. Білім ошағының тыныштығын кімдер күзетіп жүр? Күзет қызметі қаншалықты кәсіби деңгейде ұйымдастырылған? бейнекамералар шын мәнінде бақылап тұр ма, әлде тек есеп үшін орнатылған құралға айналған ба? Турникеттен өткен бала толық қорғалды дегуге бола ма? Бұл – жай ғана сұрақ емес, әрбір ата-ананың көкейіндегі алаң. Бүгін біз мектеп қабырғасындағы қауіпсіздік жүйесіне сараптамалық тұрғыда үңіліп, нақты ахуал мен шешім жолдарын қарастырамыз.



Заман басқа дейміз бе, әлде тәрбие өзгерді ме? Жасөспірімдердің тәртібі туралы сөз қозғала қалса, жауапкершілікті бірден мектепке, мұғалімге ысыра салатын қоғамға айналғалы қашан. Баланың мінезі мен мәдениетін қалыптастыруды тек білім ордасының мойнына артып қою үйреншікті құбылысқа айналды. Кезінде атаның өсиетін тыңдап, әжеңнің тәлімін көріп өскен ұрпақ бар еді. Үлкеннің сөзін жерге тастамау, кішіге ізет көрсету үйдегі тәрбиенің өзегіне айналған. Бүгін сол тәрбие мектебі өлсіреп, оның орнын әлеуметтік желі мен сыртқы орта басақанды. Балаға бағыт беретін отбасы мен қоғам арасындағы жауапкершілік шекарасы бұлыңдап барады. Жасөспірімдердің тәртібі туралы мәселе көтерілгенде біз көбіне салдарды талқайламыз. Ал себепке үңілуге келгенде үніс қаламыз. Шын мәнінде, тәртіп тек мектептің емес, тұтас қоғамның айнасы еді ғой.

Аймақтық айырмашылық та бар. Латын Америкасы мен Африканың кей мемлекеттерінде физикалық зорлық жиі тіркелсе, Еуропада психологиялық және кибербуллинг көрсеткіші жоғары. Бірақ ортақ тенденция біреу: цифрландыру дәуірінде қысым мектеп қабырғасымен шектелмейді. Техникалық қауіпсіздік физикалық қатерді азайту мүмкін, алайда жасөспірімдер арасындағы психологиялық қысымды тоқтата алмайды. Мұнда көшенді тәсіл қажет болуы мүмкін. Мектеп психологтарының белсенді жұмысы, мұғалімдердің арнайы даярлығы, ата-анамен тұрақты байланыс пен нақты құқықтық жауапкершілік.

Әлемдік статистика бір шындықты айқын көрсетіп отыр: буллинг – жеке-леге оқиға емес, жүйелі әлеуметтік құбылыс. Әрбір үшінші бала қысым көретін жағдайда үніс қалу мәселені тереңдететін түседі. Мектеп қауіпсіздігі тек күзетпен емес, сенім мен құрметке негізделген орта қалыптастырумен өлшенуі тиіс секілді мұндайда.

Жасөспірімдер арасындағы қауіпсіздік мәселесі көзделіс құбылыс емес. Ол – әлеуметтік орта, тәрбие және жауапкершілік түйсікпен тұста пайда болатын күрделі көрініс. Соңғы жылдардағы ресми деректер бұл тақырыптың жай ғана емес, нақты статистикамен өлшенетін мәселе екенін көрсетеді. Кей кезеңде көрсеткіш төмендесе, кей жылдары қайта өсім байқалады. Демек, түйткіл толық шешілді дегуге ерте.

### Мектептегі әлімжеттік: әр үшінші бала қысым көреді

Мектеп – тәрбие мен білімнің ордасы. Бірақ соңғы жылдары әлемде жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық мәселесі алаңдатпай қоймайды. Сарапшылар бұл құбылыстың тек кешеді емес, кей жағдайда мектеп ортасында да бастау алатынын айтады. Халықаралық зерттеулерге сүйенсек, жасөспірімдер қылмысы жаһандық деңгейде тұрақты әлеуметтік проблемаға айналған. Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметтері бойынша, әлемдегі тіркелетін қылмыстардың едәуір бөлігі 18 жасқа толмағандар тарапынан жасалады. Кей өңірлерде жасөспірімдер қылмысының үлесі жалпы қылмыстың 10-20 пайызына дейін жетеді. Әсіресе мүлтік құқық бұзушылық – ұрлық, тонау, бұзақылық әрекеттері жиі тіркеледі. Кей елдерде жасөспірімдер арасындағы топтық төбелес пен вандализм де өсім көрсеткен. Сарапшылар мұны әлеуметтік теңсіздік, отбасылық бақылаудың өлсіреуі және цифрлық орта ықпалымен байланыстырады.

### Кәмелетке толмағандар ісі: қай деңгейде тұрмыз?

Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық мәселесі көзделіс құбылыс емес. Ол – әлеуметтік орта, тәрбие және жауапкершілік түйсікпен тұста пайда болатын күрделі көрініс. Соңғы жылдардағы ресми деректер бұл тақырыптың жай ғана емес, нақты статистикамен өлшенетін мәселе екенін көрсетеді. Кей кезеңде көрсеткіш төмендесе, кей жылдары қайта өсім байқалады. Демек, түйткіл толық шешілді дегуге ерте.

### Әлем жасөспірімдер арасындағы қылмыспен қалай күресуде?

Жасөспірімдердің құқық бұзушылығы – бір елдің ғана емес, бүкіл әлемнің бас ауруына айналған мәселе. Кешеді төбелес, ұрлық, бұзақылық, интернет арқылы жасалатын заңсыз әрекеттер, мұның бәрі қоғамнан нақты жауап күтеді. Бірақ дамыған елдер бұл проблеманы тек қатаң жазамен шешуге болмайтынын әлдеқашан түсінген.

### Білім саласында да өзгерістер бар

Мектептерде психолог штаты енгізілген, әлеуметтік педагогтар жұмыс істейді. Соңғы жылдары цифрлық қауіпсіздік, буллингтің алдын алу, құқықтық мәдениет тақырыптары тәрбие сағаттарына енгізіле бастады. Дегенмен, сарапшылар мәселенің тек заңмен шешілмейтінін айтады.

### Дүниежүзілік денсаулық сақтау деректеріне сәйкес, 10-19 жас аралығындағы жасөспірімдер арасындағы зорлық-зомбылық – әлем бойынша өлім себептерінің жетекші факторының бірі.

Әсіресе 15-19 жас аралығында кісі өлтіру фактілері кей аймақтарда жасөспірімдер өлімінің алғашқы себептерінің қатарына кіреді.

### Бұл – ресми тіркелгені ғана

Бұдан бөлек құқық қорғау органдарының мәліметінше, 24 мыңға жуық өкімшілік құқық бұзушылық анықталып, 24 мың бала полиция бөлімшесіне жеткізілген.

### Германияда «тәрбиелеу – бірінші орында» деген ұстаным бар

Соттар жасөспірімдерге көбіне қоғамдық жұмыс, психологиялық түзету бағдарламаларын тағайындайды. Түрме – ең соңғы шара. Жапонияда мектеп пен отбасының байланысы ерекше маңызды ие. Қоғамдық бақылау мен тәртіп мәдениеті жоғары болғандықтан, жасөспірімдер арасындағы ауыр қылмыс деңгейі салыстырмалы түрде төмен. Әлемдік тәжірибеге қарасақ, ортақ бір үрдіс байқалады: құқық бұзушылықпен күресте камера мен күзет жеткілікті. Ерте профилактика, ата-анамен жұмыс, мектеп психологтарының белсенділігі, цифрлық сауаттылық негізгі құралға айналған.

### Буллингтің ең кең тараған түрі – психологиялық қысым

Мәзақ өту, кемсіту, көшіпші алдында қорлау, әдейі шеттету. Физикалық күш қолдану да аз емес. Кей елдерде оқушылардың үштен біріне жуығы төбелеске қатысқан. Ал соңғы жылдары кибербуллинг ерекше алаңдатуда. Интернет арқылы қорлау, жалған ақпарат тарату, жеке суреттерді жариялау қысымның жаңа формасына айналды.

### Дегенмен, мәселенің екінші жағы да бар

Соңғы бес жылда жасөспірімдер қылмысы шамамен 30 пайыз төмендегені айтылады. Ал ресми деректерге сүйенсек, соңғы он жылда кәмелетке толмағандар жасаған қылмыс саны үш есеге дейін азайған. Мысалы, 2016 жылы 3 343 құқық бұзушылық тіркелсе, 2020 жылы бұл көрсеткіш 1873-ке дейін түскен, яғни бір жағынан ұзақмерзімді төмендеу бар, екінші жағынан желелген жылдары өсім байқалады.

### Бұл құбылыс өңірлер арасында да әркелкі

Әдетте халықтың тыныштығын қорғау, урбанизация деңгейі жоғары аймақтарда көрсеткіш көбірек тіркеледі. Үйшілік, бос уақыттың дұрыс ұйымдастырылуы. Төртіншісі, цифрлық ортаның ықпалы. Әлеуметтік желілер мен интернет кеңі-

### Сандарды сөйлестік, жағдай бар, сараласақ, себеп бар

Ал тереңірек үңілсек, жауапкершілік бар. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық бір күнде пайда болған құбылыс емес, уақытпен бірге өзгерген қоғамның айнасы іспетті. Біз көбіне «балалар өзгерді» дейміз. Бірақ өзгерген орта, өзгерген құндылық, өзгерген тәрбие жүйесі туралы аз айттымыз. Әлем алдын алу жолын іздеп жатыр, Қазақстан да түрлі тетіктерді іске қосуда. Бірақ заң күшейген сайын мәселе азая ма, әлде тәрбие өлсіреген сайын заңға жүгіну көбейе ме? Осыны таразылау қажет. Ертенгі қоғам қандай болсын десек, бүгін жасөспірімге қандай орта ұсынып отырмыз?

### Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

### Бас директор

Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық “Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

### Бас редактор

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

### Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-36

Бас редактор - 32-0-41

Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

### Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат

комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар оңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Республикалық, өңірлік және қалалық коалиция мүшелері Руслан Рүстемов, Гүлшат Мұсаева, Жасұлан Жарасбаев, Жасұлан Алдабергенов және Әліби Басаров «Жастар ресурстық орталығы» ұжымы және белсенді жастармен кездесті. Шараның негізгі мақсаты – жаңа Ата заң жобасының жаңғыру мәнін түсіндіру, азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру және жастарды мемлекеттік саясатқа белсенді тарту.



# Жастар жаңа Конституция жобасын талқылады

Республикалық коалиция мүшесі Руслан Рүстемов жаңа Конституция жобасының маңыздылығын ерекше атап өтті. Ол мәлімдегендей, жобаны әзірлеуге білікті заңгерлер мен сарапшылар тартылды. Конституциялық комиссия құрамында аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев және барлық өңірлердің мәслихат төрағалары белсенді қатысып, халық мүддесін ескере отырып жұмыс істеген. Жаңа заң жобасында азаматтардың құқықтары мен әлеуметтік қауіпсіздігіне баса назар аударылған. Сонымен қатар, шет мемлекеттерде тиімді деп танылған «Миранда» ережесі де енді Қазақстан азаматтарына қолданылады, бұл құқықтық қорғауды күшейтетін маңызды қадам саналады.

Жаңа Заң жобасын жасау барысында халықтың пікірі ескерілгені айқын көрінді. Мысалы, Шиелилік тұрғынның гимн сөзін еңұран деп ауыстыру туралы ұсынысы қабылданып, жобада өз көрінісін тапты. Бұл халық пікірінің маңызды әрі заң жобасына әсерлі болғанын көрсетеді.

Қалалық коалиция жетекшісінің орынбасары Гүлшат Мұсаева жастарға заң жобасының мазмұнын түсіндіріп қана қоймай, олардың құқықтық сауаттылығын арттыруға, мемлекеттік құжаттарға қызығушылықтарын оятуға бағытталған жездесулердің маңыздылығын ерекше атап өтті.

Кездесу барысында жастар заң жобасындағы жаңалықтарға, азаматтардың құқықтарын кеңейтуге және мемлекеттің басқару жүйесін жетілдіруге қатысты сұрақтар қойып, өз пікірлерін ашық айтты. Шара соңында коалиция мүшелері жаңа Конституцияға енгізілген өзгерістердің басым бөлігі елдің болашағы жастар үшін жасалып отырғандығын атап өтіп, елдің басты құжатын қолдауда жастар өкілдері алдыңғы орында болуы қажеттігін жеткізді.

# Студенттерді TikTok арқылы тұзаққа түсірген

Шымкентте сабақ үлгерімін жақсартқысы келген студенттер алаяқтарға алданып қалған. Екі күндік 2025 жылдың қазан айынан бастап TikTok әлеуметтік желісі арқылы студенттердің парақшаларын тауып, арнайы боттардың көмегімен олардың ұялы телефон нөмірі мен жеке мәліметтерін жинаған.



Кейін оқу орнының портал жүйесі арқылы студенттердің үлгерімін тексеріп, кейбірінің сынақтардан жеткіліксіз балл жинағанын анықтаған. Күдіктілер студенттерге уақытша нөмірлер арқылы мессенджерде хабарласып, өзін университет қызметкері ретінде таныстырған. Олар студенттерге сынақтан өту үшін бір балл жетіспейтінін, академиялық қарыз немесе емтиханға жіберілмеуі қауіп бар екенін айтып, мөселені шешіп беруге және бағаларды түзетуге ұсыныс жасаған.

«Күдіктілер әр студенттен бұл жалған қызмет үшін 70-80 мың теңге алып, кейін хабарсыз кеткен. Қазіргі таңда алаяқтардың алты эпизодқа қатысы бар екені анықталып, тергеу амалдары жүргізіліп жатыр» делінген Шымкент қаласының ПД баспасөз қызметінің мәлімдемесінде.

«ЖЖ» ақпарат